

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

«Құқықтық ақпарат бірыңғай жүйесі»

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

ҚРӘМ.ҚАБЖ.2018

Қағаз жеткізгіште

Астана қаласы, 2018 жыл

Түсіндірме

Құжат ҚР СТ 1087-2002. Бағдарламалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі.
Пайдаланушының нұсқауы. талаптарына сәйкес жасалды.

Құрамына, мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

Құжат Құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесін пайдалану кезінде күтілетін нәтижелерді алу үшін қажет ақпаратты қамтиды.

Мазмұны

1. Кіріспе	9
1.1. Пайдаланушылар санаттарының сипаттамасы	9
1.2. Жүйелік талаптар (Қолдану саласы)	9
2. Терминдер мен аббревиатуралар (Словарь).....	10
3. Міндеті	11
4. Келісімдер	12
5. Проблемалар туралы хабарлама	12
6. Нысаналық сала.....	13
7. Материалдар	13
8. Жұмысқа дайындық	13
9. Әдіс	13
9.1. Құжаттарды іздеу	13
9.1.1. Құжатты іздеу сөз тіркесі немесе сөзі бойынша іздеу	14
9.1.2. Құжатты ҚР НҚА ЭББ АЖ-де іздеу	16
9.1.3. Құжатты «Әділет» АҚЖ-де іздеу.....	17
10. Құжатты «Танымал құжаттар» тізімінде және «ЭКБ-нің соңғы құжаттары» тізімінде қарау.....	18
11. НҚА бойынша статистиканы қарау	19
12. Пайдаланушыларға қолдау көрсеті	22

1. Кіріспе

Құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ҚАБЖ) «Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі электрондық түрде» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҚР НҚА ЭББ АЖ) мен «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесін (бұдан әрі – «Әділет» АҚЖ) біріктіретін веб-портал болып табылады, ҚР НҚА ЭББ АЖ-де нормативтік құқықтық актілерді және «Әділет» АҚЖ-де құқықтық актілерді іздеу мүмкіндігі болады.

Іздеу нәтижелері тікелей ҚР НҚА ЭББ АЖ мен «Әділет» АҚЖ ақпараттық жүйелерінде көрсетіледі. Іздеу нәтижелерімен (акітлер) одан әрі жұмыс жасау сондай-ақ ақпараттық жүйелерде, оның ішінде олардың функционалдық мүмкіндіктері пайдаланылып, жүзеге асырылады.

1.1. Пайдаланушылар санаттарының сипаттамасы

Пайдаланушының мынадай қосымша білімдері мен дағдылары болуға тиіс:

- дербес компьютерлік техникамен және кеңселік қосымшалармен жұмыс жасау дағылары;

- нысаналық саланы білуі.

Жұмысты бастаудың алдында пайдаланушы осы пайдаланушының нұсқауымен таңысуға тиіс.

1.2. Жүйелік талаптар (Қолдану саласы)

Жұмыс станциясына қойылатын ең төмен талаптар:

Операциялық жүйе	Windows XP Microsoft® Windows® /XP/Vista
Процессор	кемінде Intel Pentium 4 3,0GHz
Жедел жады	512 Мб DDR2-533
Қатқыл диск	кемінде 40 GB Serial ATA 7200 rpm
Желілік адаптер	256 Кбит/сек
Браузер	Mozilla Firefox 28.0-ден төмен емес, Google Chrome 32.0-ден төмен емес, Internet Explorer 8.0-ден төмен емес

2. Терминдер мен аббревиатуралар (Словарь)

ҚАБЖ	Құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесі – барлық мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасы саласында ақпаратты қамтамасыз ететін веб-портал
МО БКЖ	Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік желісі
Ақпараттық жүйе или Жүйе	Аппараттық-бағдарламалық кешен қолданылып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе
«Әділет» АҚЖ	Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
АЖ	Ақпараттық жүйе
НҚА	Нормативтік құқықтық актілер
БҚ	Бағдарламалық қамтамасыз ету
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР НҚА ЭББ	Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі электрондық түрде

3. Міндеті

Осы «Пайдаланушының нұсқауы» ҚАБЖ-ді пайдаланушыларға арналады.

ҚАБЖ құқықтық актіні іздеу кезінде пайдаланушының кіруінің бірыңғай нүктесі болып табылады (1-сурет).

The screenshot displays the e.zan website interface. At the top, there is a search bar with the text "ҚР ӘӘМ" and "Әділет". Below the search bar, there are two columns of results under the heading "Кеңінен таралған құжаттар" and "ӘББ-ның соңғы құжаттары". The first column lists various legal acts with their dates and titles, such as "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕНБЕК КОДЕКСІ" and "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ". The second column lists more recent acts, including "«ТІРКЕЛГЕН ТАРИХТЕРДІ АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" and "«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛЫ ТУРАЛЫ ЖАЙДЫҚ ЕСЕПТІ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚЫСЫНУ ҚАҒИДАЛАРЫН»".

Below the search results, there is a section titled "Аймақ бойынша нормативтік құқықтық актілер". It features a map of Kazakhstan with regions labeled: БҚО, Атырау облысы, Ақтөбе облысы, Қостанай облысы, Ақмола облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қызылорда облысы, Жамбыл облысы, Алматы облысы, Маңғыстау облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, ОҚО, Алматы облысы. There are also dropdown menus for "Қантар" and "2017" and a "Жыл бойы" button.

Underneath the map, there is a section titled "Нормативтік құқықтық актілердің жағдайы". It includes a bar chart and a table. The table has columns for "Жанса", "Өзгертулер саны", and "Құры жойылған".

	Жанса	Өзгертулер саны	Құры жойылған
Ай бойы	1827	1022	1157
Жыл бойы	18155	10463	9410

At the bottom of the page, there are logos for "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі", "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы", "Әділет", "Әзілханұлы Байқұлы Банк", and "e.gov".

The footer contains contact information for the "Байланыс ақпаратты" and "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ".

Техникалық қолдау қызметі: 8 (7172) 57 48 66, 8 (7172) 57 24 96, e@adilet.gov.kz, support@e.gov.kz

Әділет АҚЖ құрыстық ақпарат қызметі: 119, 58-00-58

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ: Көкей, +7 (7172) 74-07-97, +7 (7172) 74-09-54 (факс), kank@adilet.gov.kz, +7 (7172) 74-09-62

© 2018 ZAN.GOV.KZ Қазақстан Республикасының Құқықтық ақпарат Бірыңғай нүктесі


1-сурет. Басты бет

4. Келісімдер

Осы құжатта белгілеулер, терминдер «Терминдер мен аббревиатуралар (Сөздік)» бөліміне сәйкес пайдаланылады.

5. Проблемалар туралы хабарлама

ҚАБЖ бағдарламалық қамтамсыз етуде қателер табылған жағдайда пайдаланушы қате туралы ақпаратты, сондай-ақ порталдың жұмысын жақсарту жөніндегі ескертулер мен ұсыныстарды әкімшінің электрондық почтасына жібере алады. Осы мақсатта пайдаланушы мынадай тізбек бойынша өте алады: Басты→Кері байланыс 2(-сурет).



2-сурет. Басты→Кері байланыс

Одан кейін ақпаратты енгізуге арналған терезені ашып, шығарылған диалогты терезеде (3-сурет) міндетті алаңдарды толтырып, әкімшіге хабарлама жіберу қажет. Осы операцияның нәтижесі «Сіздің хабарламаңыз Портал әкімшісіне жіберілді» деген жазба болып табылады. Егер техникалық себептер бойынша ҚАБЖ әкімшіге хабарлама жібермесе, онда «Сервис уақытша қолжетімді емес. Хабарламаны кейін жазыңыз» деген хабарлама көрсетіледі.

Кері байланыс

Жүйесінде қателер туралы немесе жүйені жақсарту туралы кез келген ұсыныстарыңызды бізге жазыңыздар!

Аты *

Email *

Тақырып

Сіздің хабарыңыз *

* міндетті толтырылатын жол

Жіберу

3-сурет. Кері байланыс

6. Нысаналық сала

Құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесі – Қазақстан Республикасының заңнамасы саласындағы ақпараттық ресурс. Мәліметтерді тұтынушылар қоғамның құқықтық аспектілеріне мүдделі жеке және заңды тұлғалар, ҚР резиденттері мен резидент еместері, мемлекеттік қызметшілер болып табылады. Ресурс Интернет желісінде және МО БКЖ-де қолжетімді.

7. Материалдар

ҚАБЖ веб-порталында жұмыс істеу үшін пайдаланушыда мыналар болуға тиіс:

- интернетке қосылған компьютер;
- орнатылған БҚ – Acrobat Reader-дің болы (НҚА-ны көшіріп алу үшін);
- принтер (НҚА-ны порталдан басып шығару үшін).

8. Жұмысқа дайындық

ҚАБЖ веб-порталында жұмыс істеу үшін браузерді ашып, адрестік жолда **zan.gov.kz** адресін енгізу қажет.


9. Әдіс

Осы құрылымдық элементте пайдаланушы әрекеттерінің сипаттамасы мен күтілетін нәтижелерді қоса алғанда әрбір міндеттің сипаттамасы көрсетіледі.


9.1. Құжаттарды іздеу


ҚАБЖ-да іздеуді дереккөзін – нормативтік құқықтық актілерді ҚР НҚА ЭББ-де немесе құқықтық актілерді «Әділет» АҚЖ-де таңдау ескеріліп, іздеу жолы пайдаланылып, құжаттың атауы бойынша жүргізуге болады.

Іздеу нәтижелері тікелей ҚР НҚА ЭББ АЖ мен «Әділет» АҚЖ ақпараттық жүйелерінде көрсетіледі. Іздеу нәтижелерімен (акітлер) одан әрі жұмыс жасау сондай-ақ ақпараттық жүйелерде жүзеге асырылады, оның ішінде олардың функционалдық мүмкіндіктері пайдаланылып, жүзеге асырылады.


Іздеу параметрлерінің мәні болмағанда, бірақ « Іздеу» батырмасын басқан кезде Жүйе ҚР НҚА ЭББ АЖ порталында болған барлық НҚА атауларын олардың қабылдауы күніне қарай хронологиялық ретте береді.

9.1.1. Құжатты іздеу сөз тіркесі немесе сөзі бойынша іздеу

Құжаттарды құжаттың атауындағы іздеу сөзі немесе құжаттың атауындағы іздеу сөз тіркесі бойынша іздеу іздеу жолы арқылы жүргізіледі. Құжатты іздеу үшін іздеу жолына сөзді немесе сөз тіркесді енгізіп, дереккөзін – нормативтік құқықтық актілерді ҚР НҚА ЭББ-де немесе құқықтық актілерді «Әділет» АҚЖ-де көрсетіп, одан кейін «» іздеу батырмасына (4-сурет) басу қажет.



4-сурет. Іздеу жолы



5-сурет. НҚА атауының сөзі немесе сөз тіркесі бойынша ҚР НҚА ЭББ-де іздеу нәтижесі

Издеу | [Ресми жариялау](#) | ["БҰҰ" құжаттары](#) | [Таңдаулы](#) | [Кабинет](#) | [ҚАЗ](#) | [РУС](#) | [ENG](#)

Издеу: [Кеңейтілген іздеу](#)

» [Негізгі](#) » [Издеу](#)

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру және "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2009 жылғы 20 тамыздағы N 5 Нормативтік қаулысы

Республикасының Парламенті 2009 жылғы 17 маусымда қабылдаған, "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру және "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және

2. "Заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 28 мамырдағы N 457 қаулысы

Издеу нәтижелері

Табылды: **96561** құжаттар

[релевант бойынша](#), [заңды күші бойынша](#), [қабылдау күні бойынша](#), [өзгертілген күні бойынша](#) бойынша сұрыптау

[Издеу көрсеткіштерін алып тастау](#)

Ресми жариялау

АҚЖ-де жарияланған (24574)

АҚЖ-де жарияланбаған (71987)

Қабылдау күні

2018 (2)


2017 (7862)

2016 (10231)

2015 (12262)

2014 (8914)

6-сурет. НҚА атауының сөзі немесе сөз тіркесі бойынша «Әділет» АҚЖ-де іздеу нәтижесі



7-сурет. Іздеу параметрінің бос мәні бойынша нәтиже

9.1.2. Құжатты ҚР НҚА ЭББ АЖ-де іздеу

ҚР НҚА ЭББ АЖ порталына ауысу үшін ҚАБЖ веб-порталының тақырыбында тиісті бөлімді таңдау қажет (8-сурет).



8-сурет. ҚАБЖ веб-порталының тақырыбында ҚР НҚА ЭББ бөлімін таңдау

Осы бөлімге басқаннан кейін, браузердің жаңа қосымша бетінде ҚР НҚА ЭББ АЖ порталының Басты беті ашылады (9-сурет).



Ресми жариялау

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480 Заңының 37-бабының 2 тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау ҚР НҚА ЭББ-де жүзеге асырылады

Құжаттарды іздеу

Заңнама саласы: бәрі >

Актіні қабылдаған орган: кез келген >

Қабылдау күні: кез келген >

ҚАЙТА БАСТАУ Құжаттың атауын енгізіңіз ІЗДЕУ

КЕҢЕЙТІЛГЕН ІЗДЕУ КҮНТІЗБЕ

9-сурет. ҚР НҚА ЭББ АЖ порталының Басты беті

ҚР НҚА ЭББ АЖ порталымен жұмыс істеу жөніндегі Пайдаланушының нұсқауын порталдың төменгі бөлігінде көшіріп алуға болады (10-сурет)

© 2014 ZAN.GOV.KZ. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі.
Пайдаланушылық келісім | Пайдаланушының нұсқаулығы | Сайт картасы

10-сурет. ҚР НҚА ЭББ АЖ порталы үшін Пайдаланушының нұсқауы

9.1.3. Құжатты «Әділет» АҚЖ-де іздеу

«Әділет» АҚЖ порталына ауысу үшін ҚАБЖ веб-порталының тақырыбында тиісті бөлімді таңдау қажет (11-сурет).

e.zan ЖОБА ТУРАЛЫ ҚР НҚА ЭББ ӘДІЛЕТ АҚЖ

11-сурет. ҚАБЖ веб-порталының тақырыбында «Әділет» АҚЖ бөлімін таңдау

Осы бөлімге басқаннан кейін, браузердің жаңа қосымша бетінде «Әділет» АҚЖ-нің Басты беті (12-сурет) ашылады.



12-сурет. «Әділет» АҚЖ-нің Басты беті

«Әділет» АҚЖ-мен жұмыс істеу жөніндегі Пайдаланушының нұсқауын «Әділет» АҚЖ Басты бетінің төменгі бөлігінде сілтеме бойынша көшіп, қарауға болады.

10. Құжатты «Танымал құжаттар» тізімінде және «ӘКБ-нің соңғы құжаттары» тізімінде қарау

ҚАБЖ-де «Танымал құжаттар» тізімі мен «ӘКБ-нің соңғы құжаттары» тізімі олардың қабылдануы күні бойынша көрсетіледі (13-сурет).

Кеңінен таралған құжаттар	ЭББ-ның соңғы құжаттары
23 қараша 2015 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК КОДЕКСІ	29 желтоқсан 2017 «ТІРКЕЛГЕН ТАРИФТЕРДІ АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
27 желтоқсан 1994 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ	29 желтоқсан 2017 «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТІ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҰСЫНУ ҚАҒИДАЛАРЫН
5 қазан 2014	

13-сурет. «Танымал құжаттар» тізімі мен «ЭББ-нің соңғы құжаттары» тізімі олардың қабылдануы күні бойынша

Тізімдердің бірінде болған құжаттың мәтінің қарау үшін оның атуын шерту қажет. Браузердің жаңа қосымша бетінде осы ақпараттық жүйенің функционалдық мүмкіндіктері ескеріліп, ҚР НҚА ЭББ АЖ құжатының мәтіні көрсетіледі (14-сурет).

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерінің электрондық мәтіндері, электрондық-цифрлы қолмен расталған, электрондық-цифрлы нысанды нормативтік құқықтық актілер жинағы (өзгерістер мен толықтырулар)

Басты бет > Іздеу > НҚА мәтін

НҚА МӘТІНІ | НҚА КАРТОЧКАСЫ

PDF | БАСЫП ШЫҒАРУ

«Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 24, 180-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жанарғылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес өзгерленді және жанарғылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясына тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау тәртібін белгілейді.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аукциондық баға – аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын, жанарғылатын энергия көздерін пайдалану объектісі өндіретін электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының сатып алуына арналған баға;

14-сурет. Құжат мәтінінің мазмұны

11. НҚА бойынша статистиканы қарау

ҚАБЖ-де статистикалық ақпарат мынадай түрде көрсетіледі:


- Нормативтік құқықтық актілер өңірлер бойынша (олардың қабылдануы күніне қарай),
- Нормативтік құқықтық актілердің жай-күйі.

Қажетті кезең (ай, жыл) бойынша «Нормативтік құқықтық актілер өңірлер бойынша» (олардың қабылдануы күніне қарай) статистикалық ақпаратты қарау үшін бір уақытта ай мен жыл мәнін таңдап, одан кейін өңірге курсорды қою қажет (15-сурет).




15-сурет. Көрсетілген айы мен жылында өңір бойынша НҚА статистикасы (олардың қабылдануы күніне қарай)

Жыл бойынша «Нормативтік құқықтық актілер өңірлер бойынша» (олардың қабылдануы күніне қарай) статистикалық ақпаратты қарау үшін бір уақытта жыл мәнін таңдап, «Бүкіл жыл бойынша» алаңына белгі қойып, одан кейін өңірге курсорды қою қажет (16-сурет).



16-сурет. Көрсетілген жылда өңір бойынша НҚА статистикасы (олардың қабылдануы күніне қарай)

Қажетті кезең (айы, жылы) бойынша «Нормативтік құқықтық актілердің жай-күйі» статистикалық ақпаратты қарау үшін бір уақытта ай мен жыл мәнін таңдау қажет, нәтижелер графикалық және кесте түрінде көрсетілетін болады (17-сурет).



17-сурет. Көрсетілмен ай мен жылы НҚА-ның жай-күйі бойынша статистика

12. Пайдаланушыларға қолдау көрсеті

Пайдаланушыларға консультациялық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету шеңберінде ҚАБЖ-дің Басты бетінде Техникалық қолдау қызметінің, «Әділет» АҚЖ құқықтық ақпараттық қызметінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің байланыс деректері (телефон нөмірлері, электрондық адресстер) көрсетіледі (18-сурет).

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ		ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
Техникалық қолдау қызметі	Әділет АҚЖ құқықтық ақпарат қызметі	Кеңсе
8 (7172) 57 48 66 8 (7172) 57 24 96 ✉ etalon@rkao.kz ✉ support@rkao.kz	119 <i>Қалалық телефондардан тегін қоңырау Қазақстан бойынша</i> 58-00-58 <i>Астана, Алматы қ. үшін</i>	+7 (7172) 74-07-97 +7 (7172) 74-09-54 (факс) ✉ kanc@adilet.gov.kz Сенім телефоны +7 (7172) 74-09-62

18-сурет. Пайдаланушыларға қолдау көрсетуге арналған байланыс деректері